

КЕМЕ

**“Әдістемелік лайфхак”
кеңесу-Әдістемелік
сессиясының кезекіті**

отырысы



05.12



10:40


Физика кабинеті

Өздеріңізбен бірге

Культәева А.Ф.



2019.04



5 желтоқсан күні КЕМЕ (кәсібі ерекше мұғалімдер еңбегі) “Сапалы сабақ – нәтижелі білім кепілі” тақырыбында “Әдістемелік лайфхак” кеңесу–әдістемелік сессиясы болып өтті.

Мақсаты: педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету, тәжірибе алмасу, әдістемелік лайфхактармен бөлісу арқылы оқу тиімділігін арттыру.

Тренинг–сессияны математика пәні мұғалімі педагог-модератор Культаева Акмарал Фазыловна өткізді.

Тренинг–сессия барысында сабақ үдерісінде цифрлық платформаларды тиімді қолданудың жолдары көрсетіліп, педагогтермен нақты іс-тәжірибелер ортаға салынды.

Әдістемелік нұсқау хатта берілген педагогтердің цифрлық көмекшілерінің мүмкіндіктері таныстырылып, қатысушы мұғалімдер жаңашыл сайттар көмегімен интерактивті тапсырмалар мен әрекеттік сабақ элементтерін құрастырды.

Stopwatch, Baamboozel және Sketchfab — заманауи мұғалімнің тиімді көмекшілері!

◆ Stopwatch – командалық жұмыстар, топтық жарыстар, уақытқа байланысты тапсырмалар кезінде аса қажет құрал. Сабақ динамикасын арттырып, оқушылардың белсенділігін күшейтеді.

◆ Baamboozel – дайын интерактивті ойындар, тесттер, жарыстар құрастыруға мүмкіндік беретін қызықты платформа. Мұғалімдер сессия барысында Baamboozel-дің әртүрлі ойын форматтарын қолданып, тапсырмаларды тартымды ету жолдарын тәжірибеде көрсетті.

◆ Sketchfab – 3D модельдермен жұмыс жасауға арналған керемет ресурс. Мұғалімдер сабақтарында күрделі нысандарды (геометриялық фигуралар, тарихи объектілер, табиғат құбылыстары) көрнекі түрде көрсету мүмкіндігімен танысып, өз пәндеріне бейімдеп қолдану жолдарын қарастырды.

Заманауи цифрлық құралдар — әр сабақты әрі тартымды, әрі интерактивті, әрі оқушы қызығушылығына бағытталған форматта ұйымдастыруға мүмкіндік береді!

#БілімдеЖаңашылБолайық #ЦифрлықСабақ #КЕМЕ #МұғалімLifeHack

Сілтеме: <https://www.instagram.com/reel/DSJfZSOjKEt/?igsh=bWdzdmRqbGt0bm4x>

